

Қайта қаржыландыру операциясы, мемлекеттік қазыналық міндеттемелер (МҚМ), МЕККАМ, МЕОКАМ операциялар есебі.

Инвесторлар үшін мемлекеттік бағалы қағаздар операцияларының тағы бір тиімді түрі, мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелерді сатып алу-сату келісімшартымен ресімделетін, мемлекеттік қысқа мерзімді міндеттемелерді сатып алу-сату операциялары (МЕККАМ) болып табылады (2-қосымша).

МЕККАМ - мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндет-темелер. Үкімет атынан Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарады, олар мемлекеттік бағалы қағаздар болып табылады және орнатылған заңдылықтарға сәйкес Қазақстанның екінші бағалы қағаздар нарығында еркін айналысқа түседі. Материалдық емес нысанда мерзімі үш, алты, он екі айға шығарылады, қаржылық агенттің депозитариндегі немесе алғашқы диллерлердің суб депозитариндегі оларды ұстаушылардың депозитотына сәйкес жазуларды жүргізу жолымен орналастырылады және айналысқа түседі.

МЕККАМ мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндетте-мелерінің номиналдық құны - 100 теңге. МЕККАМ ұстаушылары Қазақстан Республикасының резидент және бейрезиденттік заңды және жеке тұлғалары болып табылды. МЕККАМ иелері оны кепілге беруге, РЕПО¹ операцияларын жүргізуге, екінші нарықта сатып алуға және сатуға құқығы бар. Мемлекеттік қысқа мерзімді қазыналық міндеттерді есептеу, жүргізу және сақтау Ұлттық банктің депозитаринде және алғашқы диллердің суб депозитаринде, олардың инвесторларына тікелей тиесілі мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық вексельдер бойынша депо шоты бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қысқа мерзімді міндеттемелерді (МҚМ) тарту көптеген факторлармен камтамасыз етіледі. Оның негізгілеріне төмендегілер жатады:

- Сенімділіктің жоғары деңгейі.* Эмитентті Қаржы министрлігі болып табылатын облигацияларды өтеу, мемлекет Үкіметімен кепілденеді. Сонымен қатар, осы қағаздардың қызмет еткен 1994ж сәуір айынан бастап Қаржы министрлігінің МҚМ өтемеуі болған емес. Алдындағы облигация сериясын өтеу бөлшектеніп немесе жаңа қарызды орналастыру есебінен толық жүзеге асырылады. Бірақ мемлекет үшін оң мезеті қарызға қызмет көрсету Қаржы министрлігі үшін, инфляцияның жоғары темпінің арқасында арзанға түсетіндігінде болып табылады. Әрине, ішкі мемлекеттік қарыз - уақытша ысырылған эмиссия екенін ұмытпау керек. Бірақ, инвесторлардың көз қарасы бойынша бұл қағаздар тиімді болып табылады.

- Абсолюттік өтімділік.* Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мүше мемлекеттер шығаратын мемлекеттік бағалы қағаздар арасында, Қазақстанның мемлекеттік қысқа мерзімді қазынашылық міндеттемелері жетекші орында келеді. Қазіргі уақыттағы олардың төмен инвестициялық тартылуына қарамастан, МҚМ нарығы шетелдік қаржыландыру аймағында зерттелініп отыр. Қазақстанда мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы 1994 жылдың сәуірінен бастап қалыптасты. Осы кезеңде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Үкімет атынан 3 айлық айналым мерзімі бар дисконтталған қысқа мерзімді қазынашылық вексельдер шығарылды. 1995 жылдың мамыр айы мен тамыз айларының аралығында үш айлық МҚМ-ге сұраныс ұсыныстан 4,8-5,4 есе көп болды. Осы жағдайға сүйене отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі айналысқа алты айлық МҚМ шығару туралы шешім қабылдады. Сонымен қатар 1996 жылы әр кезеңінде оларға деген сұраныс ұсынысқан 4,5-3,5 есе кеп болды. Бұл жағдай айналым мерзімі ұзақырақ- 12 айлық мемлекеттік құнды қағаздардың көлемін арттыруға қажетті жағдай туғызуға мүмкіндік берді. Одан басқа республикалық бюджет тапшылығын жабу мақсатында 1996 жылдың қыркүйегінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бағалы қағаздардың жаңа түрін - мемлекеттік ішкі қарыздың ұлттық жинақ облигацияларын (ҰЖО) шығарды. 1997 жылдың ішінде мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы Қазақстанның қор нарығында басымдық жағдайға ие болды. 1997 жылдың маусымында айналым мерзімі 2 жылға тең

алғашқы мемлекеттік орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер - МЕОКАМ айналысқа шығарылады.

Осылайша, мемлекеттік құнды қағаздар нарығының қалыптасуының интенсивті үрдісі көрсетіп отырғандай, оған әлемдік нарықтың кәсіби мамандарының толықтай қатысуына мол мүмкіндіктер бар.

Мәмілені ресімдеудің қарапайымдылығы. Қорларды мемлекеттік қазынашылық облигацияларға ориаластыру кезінде қарыз алушының несиелік қабілеттілігін талдаудың қажеттілігі жоқ, ал сол тәртіптің арқасында 2-3 жұмыс күні үнемделеді. Сондықтан бос активтерді қысқа мерзімге және қайтарылуының жүз пайыз кепіл болуына МҚМ пайдаланған өте тиімді. Сонымен бірге міндеттемелер кейбір қысқа мерзімді қаржылық операцияларды хеджерлеу құралы ретінде қолданылуы мүмкін.

- *Салық жеңілдіктері.* Қазақстанның мемлекеттік бағалы қағаздарының танымал факторлардың бірі салық кодексіне сәйкес келетін, мемлекеттік бағалы қағаздармен тұрақты иайыздық мәмілелер, сонымен қатар олар бойынша табысқа салық салынбайды, тек Ұлттық жинақ және МҚМ қоспағанда - орталық басқару органдары шығарған бағалы қағаздар қозғалысы операциясын жүзеге асыру негізінде - олардың сатылу бағасының әрбір мың теңгесі бір теңге мөлшерінде.

Қазіргі таңда мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы белсенді түрде банкаралық несиелік нарығын шетке шығарып келе жатқанын айта кету керек. Ол нақты кредиторларға салық салынбаған пайыз алуға және мемлекеттік бағалы қағаздарды кепілге ала отырып, несиелеу кезінде өздерінің тәуекелдігін сақтандыруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қазынашылық вексельдерді, Ұлттық банктегі міндетті резерв ретінде коммерциялық банктер орналастыратын қаржылар ретінде пайдалану мүмкіндігі, сол сияқты мемлекеттік қазынашылық облигацияларды кепілдік ретінде немесе банктің корпоративті клиенттерінің операцияларына маржа түрінде енгізу мүмкіндігі осы құнды қағаздарға деген қызығушылықты айтарлықтай арттырады еді.

Сонымен, МҚМ орта мерзімді инвестиция құралы ретінде қаражаттарды тиімді орналастыру мүмкіндігін береді. Сонымен бірге, олардың табыстылығы қаншалықты төмендесе де жоғары өтімді және жоғары сенімді бағалы қағаз ретіндегі сапасы болып қала береді. Көптеген банктер, қаржы компаниялары және коммерциялық кәсіпорындар мемлекеттік қазыналық облигацияларға үлкен қызығушылық танытады, сондықтан олардың көлемі өсуде. Қазақстандағы қаржы құралдарын объективті бағалай отырып, мемлекеттік қазыналық облигацияларға қолда бар өтімділікті ескере отырып табыс /тәуекел арақатынасына қарағанда нақты баламалар әзірше жоқ.

МҚМ-ді алғашқы орналастыруды эмитент тапсырысы бойынша, оның атынан олардың арасындағы бекітілген келісіміне сәйкес Ұлттық банк жүзеге асырылады. Егер коммерциялық банк мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алғысы келсе, онда ол ең алдымен өз клиенттерінің арызын жинап, содан кейін өз арыздарын тапсырады (3-қосымша).

Арызды алғаннан кейін Ұлттық банк коммерциялық банкке хабарлама жібереді (4-қосымша).

Ұлттық банктің мемлекеттік бағалы қағаздарын алғашқы орналастыруы келесі әдістер арқылы жүзеге асырылады:

- Бағаның әр түрлілігін қанағаттандырудың аукциондық әдісі дисконттық мемлекеттік бағалы қағаздарын алғашқы орналастыру кезінде қолданылатын әдіс. Онда сұраныстарды қанағаттандыру жоғары дисконтты бағадан басталып, жарияланған эмиссия көлемі біткенде аяқталады. Сұранысты қанағаттандыру алғашқы дилердің өтінішінде көрсетілген дисконт есебінде жүзеге асады.

- Бірыңғай баға жағдайы бойынша аукциондық әдіс - екі және одан да көп айналым мерзімі бар пайыздық мемлекеттік бағалы қағаздарды орналастыру кезінде қолданылады. Мемлекеттік бағалы қағаздарды осы әдіспен орналастырудың мақсаты қатысушылардың өтінішін аукцион шартына байланысты қабылдау, ал өтінішті қанағаттандыру жарияланған

аукцион көлемі қарастырылып болған өтініште көрсетілген пайыздық шарт деңгейінде жүргізіледі, яғни өтініштер онда көрсетілген табыстылыққа байланыссыз бірыңғай бағалық шарт бойынша қанағаттандырылады.

Жазылу - орналасатын бағалы қағаз түрі бойынша эмитент белгілейтін сыйақы мөлшері қолданылатын және алғашқы дилерден жарияланған эмиссия көлеміне жеткенге дейінгі ұстауға берген өтініштері алынатын мемлекеттік бағалы қағаздарын алғашқы орналастыру әдісі. Бұл әдістің мақсаты инвесторлар - жеке және заңды тұлғалардың уақытша бос ақша қаражаттарын тарту болып табылады.

• Орналастырғанға дейінгі әдіс - орташа салмақтанған дисконт немесе бағалы қағаздардың осы түрі бойынша алғашқы орналастырудың соңғы жүргізілген жылдық пайыздық мелшерлемесіне байланысты қолданылады.

Мемлекеттік бағалы қағаздарға сонымен қатар - МЕОКАМ, МЕАКАМ, МЕИКАМ, МБҚ, АВМЕКАМ, МЕКАВМ жатады.

МЕОКАМ - айналым мерзімі екі және үш жыл болатын мемлекеттік орта мерзімді қазыналық міндеттемелер. Үкімет атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі шығарады және Қазақ-станның бағалы қағаздар нарығында заңдылықтарға сәйкес еркін айналыста жүреді. Олар материалдық емес нысанда шығарылып,

қаржы агентінің депозитарийінде және алғашқы делдалдардың қосалқы депозитарийінде олардың ұстаушылардың депо шоты бойынша сәйкес жазуларды енгізу арқылы орналастырылады және өтеледі. Олардың атаулы құны — 1000 теңге. Мемлекеттік орта мерзімді қазыналық міндеттемелерінің ұстаушылары Қазақстан Республикасының резидент және бейрезидент заңды және жеке тұлғалары бола алады. Қазыналық міндеттеме айналысы республикалық бюджетке ақша қаражаты түскеннен кейін депо шоты бойынша жазба жүргізу сәтінен басталады. МЕОКАМ ұстаушылары оларды кепілге беруге, РЕПО операцияларын жүргізуге, екінші нарықта сатуға және сатып алуға құқылы. МЕОКАМ есебі мен қозғалысы Ұлттық банк депозитарийіндегі депо шоты және мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына қатысушы әрбір тұлға бойынша алғашқы делдалдардың қосалқы депозитарийінде жүзеге асырылады.

МЕАКАМ - айналым мерзімі 10 жыл болатын мемлекеттік арнайы қазынашылық міндеттеме. Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қаржы министрлігі шығаратын және бағалы қағаздар нарығының заңдылықтарына сәйкес еркін айналыста болады. Арнайы қазынашылық міндеттемелер ЖАҚ «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийінде» «депо» шотында жазба түрінде құжатсыз нысанда шығарылады. МЕАКАМ атаулы құны — 1000 теңге. МЕАКАМ ұстаушылары оларды кепілге беруге, РЕПО операцияларын жүргізуге, екінші нарықта сатуға және сатып алуға құқылы. Сонымен қатар инвестор сатып алу-сату, кепіл және РЕПО операциялары бойынша барлық операцияларды алғашқы делдал арқылы Орталық депозитарийге аудару жолымен рәсімдейді. МЕАКАМ-ді есепке алу, сақтау және ауыстыру Орталық депозитарий тәртібіне сәйкес «депо» шотында жүзеге асырылады.

МЕИКАМ - айналым мерзімі үш және одан көп ай болатын мемлекеттік индекстелген қазынашылық міндеттемелер. Үкімет атынан Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ағымдағы республикалық бюджет тапшылығын қаржыландыру мақсатында шығарады және заңдылықтарға сәйкес Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында еркін айналысқа түсе алады. Индекстелген қазынашылық міндеттемелер құжатсыз нысанда шығарылады, оларды ұстаушылардың Орталық депозитарийінде және олардың инвесторлары бойынша алғашқы делдалдарда ашылатын «депо» шотындағы сәйкес жазбаларды енгізу арқылы орналастырылады және айналысқа түседі. Олардың атаулы құны - 1000 теңге. МЕИКАМ - ұстаушыларына Қазақстан Республикасының резидент және бейре-зидент заңды және жеке тұлғалары жатады. Индекстелген қазынашылық міндеттемелерге меншік құқығын есепке алу және орналастыру индекстелген қазынашылық міндеттемелерді ұстаушы-лардың жазбаша және электронды тапсырысы негізінде сатып алушы мен сатушының депо шотына сәйкес жазбаларды енгізу жолымен депозитарий арқылы жүзеге асырылады.

МБҚ — мемлекеттік бағалы қағаздар. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ағымдағы айналым мерзімі 364 күн болатын материалдық емес тіркелген нысанда республикалық бюджеттің ағымдағы тапшылығын қаржыландыру мақсатында мерзімінен бұрын қайтару құқықсыз шығарады. Қаржы агентінің басты депозитарийінде «депо» шотындағы жазба арқылы орналастырылады. Ұлттық жинақ облигациялары Қазақстан Республикасы аумағында еркін айналыста болады және оны ұстаушылар Қазақстан Республикасының резидент және бейрезидент заңды және жеке тұлғалары болып табылды. **АВМЕКАМ** - айналым мерзімі 5 жыл, атаулы құны 100 АҚШ доллары болатын арнайы валюталық мемлекеттік облигациялар. АВМЕКАМ-ді шығару зейнетақы активтерінің есебінен жинақтаушы зейнетақы қорларының теңгедегі мемлекеттік қазынашылық міндеттемелері мен ұлттық жинақ облигацияларын айырбастау жолы арқылы жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары:

1. Банк портфеліндегі бағалы қағаздар есебіне сипаттама беріңіз
2. Банкпен шығарылған акциялар, депозиттік және жинақ сертификаттары, банкке түскен облигациялар бланкілерін кірістеу бойынша және оларға кеткен шығындары бойынша өткізбе құрыңыздар
3. Проценттік депозит және жинақ сертификаттары бойынша проценттерді есептеу бойынша өткізбе құрыңыздар
4. Сақтауға қабылданған тапсырма бойынша сатып алынған бағалы қағаздарды кірістер
5. Сауда нәтижелері бойынша банк портфеліндегі бағалы қағаздарды қайта бағалау бойынша өткізбе құрыңыздар: баланстық құнының өсуіне, баланстық құнының кемуіне

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

1. Міржақыпова С.Т. Банктегі бухгалтерлік есеп және есеп беру. Алматы: Экономика, 2007
2. Закон Республики Казахстан от 2 июля 2003 года № 461 "О рынке ценных бумаг" с учетом изменений и дополнений.